Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

«Қазақойл Ақтөбе» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші тауарларды Шартта (бұдан әрі - Тауар) көрсетілген бағалар, параметрлер және басқа да шарттар бойынша Тапсырыс берушінің меншігіне жеткізуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Тауарды осы Шарттың талаптарымен қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Жеткізу шарттары — DDP (Incoterms 2020).

1.3. Тауардың саны мен сапасы, өлшем бірлігі, оның техникалық сипаттамалары, жеткізу мерзімдері, жеткізу орны және Жүк алушының мекенжайы Шарттың № 1 және № 2 Қосымшаларымен айқындалады.

2. Анықтамалар

2.1. Осы Шартта төменде көрсетілген анықтамалар мен ұғымдар мынадай мәнге ие: 1) Қабылдау-тапсыру актісі – Тапсырыс берушінің Тауарды қабылдап алғанын растайтын құжат, оны ресімдеу және оған қол қою электрондық сатып алу веб-порталында (бұдан әрі – веб-портал) веб-портал көздеген нысан бойынша жүзеге асырылады; 2) Жүк алушы – Шарттың № 1 және № 2 Қосымшаларындағы «Жеткізу орны» бағанында көрсетілген Тапсырыс беруші немесе оның құрылымдық бөлімшесі; 3) кемшіліктер – Шарттың талаптарына немесе Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген міндетті талаптарға Тауардың сәйкессіздігі, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: зақымдану, ақау, істен шығу және т.б., Тауардың саны, сапасы және жиынтықтылығы бойынша сәйкессіздіктер, сондай-ақ ілеспе жұмыстар (қызметтер) Шарт талаптарына сәйкес келмеуі; 4) қабылдау – Тапсырыс беруші комиссиясының Тауарды қабылдауы; 5) ілеспе жұмыстар (қызметтер) – Тауарды монтаждау, жинақтау, іске қосу-реттеу жұмыстары, пайдалануға беру және Шартта көзделген өзге де жұмыстар (қызметтер) бойынша Жеткізушінің міндеттемелері; 6) жеткізу мерзімі – Шартқа Тараптар қол қойған күннен бастап Шарттың № 1 және № 2 Қосымшаларына сәйкес Тауарды түпкілікті жеткізу күніне дейінгі кезең; 7) Тауар – Шарттың № 1 және № 2 Қосымшаларында көрсетілген тауар-материалдық қорлар (ТМҚ); 8) Қор – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры АҚ; 9) Холдинг – Қор және дауыс беруші акциялардың (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік құқығы немесе сенімгерлік басқару құқығы негізінде Қорға тікелей не жанама тиесілі заңды тұлғалардың жиынтығы. Жанама тиесілік – Қордың дауыс беруші акциялардың (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызына өзге заңды тұлғалар арқылы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығын иелену жағдайы.

3. Шарт сомасы және төлем шарттары

3.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

3.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

3.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

3.3.1. Егер Шарттың № 1 Қосымшасында аванстық төлем (алдын ала төлем) көзделсе, мұндай алдын ала төлем Шарт талаптарына сәйкес келетін авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету және төлем шоты Поставщикпен ұсынылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады. Осы ретте, егер авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінің ішінде ұсынылмаса, Шарт (ұзақ мерзімді шарт) бойынша төлем Шарт талаптарында айқындалған мерзімдерде авансты (алдын ала төлемді) төлемей, қабылдау фактісі бойынша Тапсырыс беруші тарапынан жүзеге асырылады. Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну Жеткізуші Тәртіптің 43-бабының 8-тармағы талаптарына сәйкес келген жағдайларға қолданылмайды.

3.3.2. Аралық төлем Тауарды осы Шарттың 7-бөліміне сәйкес жеткізуді растайтын Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады. Осы ретте, егер Шартта аванстық төлем (алдын ала төлем) көзделсе,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

аралық төлем аванстық төлем (алдын ала төлем) сомасын үлестік ұстауды ескере отырып жүргізіледі. Ерекше шарттар: егер Өнім беруші сатып алынатын тауардың тауар өндірушісі немесе сатып алынатын тауарды өндіретін мүгедектер ұйымы болып табылған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге шарттың жалпы сомасының 30% мөлшерінде, ал ұзақ мерзімді сатып алу кезінде ұзақ мерзімді Шарттың қолданысының келесі 12 (он екі) айына тауарды жеткізу үшін көзделген соманың 30% мөлшерінде аванстық төлем аударады. шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей шарттың нөмірі мен күнін көрсете отырып, төлем шотының ұсынылған түпнұсқасы негізінде. Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, бұл аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды. Аралық төлемді төлеу аванстық төлем сомасының пропорционалды ұсталуын ескере отырып, тауарды жеткізу фактісі бойынша тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

3.4. Жеткізілген Тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген Тауарлар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі - Қабылдап алу-тапсыру актілері) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

3.4.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылықтың үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - Веб-портал) ұсынылады).

3.4.2. Жеткізушінің электрондық шот-фактурасы/төлем шоты (инвойс), құжатты дұрыс ресімдеуді растайтын жауапты бухгалтердің қолымен. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жауапты бухгалтердің қолынсыз шот-фактураны ұсынуға жол беріледі;

3.4.3. www.zakup.sk.kz. веб-порталындағы Тауарды қабылдау-тапсыру актісі

3.4.4. Тапсырыс берушінің нысаны бойынша ресімделген өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі;

3.4.5. Шарттың қосымшасына сәйкес нысан бойынша орындалған жұмыстар актісі (Ілеспе жұмыстар (қызметтер) орындалған кезде қолданылады);

3.4.6. Жауапты сақтау бойынша көрсетілген қызметтер актісі (осы Шарт бойынша да, өзге шарттар бойынша да Тапсырыс беруші Жеткізушіге тауарды жауапты сақтауға көрсету қызметтерін көрсеткен кезде қолданылады);

3.4.7. Вагондарды беру және әкету бойынша көрсетілген қызметтер актісі (осы Шарт бойынша да, өзге шарттар бойынша да Тапсырыс беруші Жеткізушіге вагондарды беру және әкету қызметтерін көрсеткен кезде қолданылады). Құжаттарды ұсыну оларды Жүк алушының кеңсесінде тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Жоғарыда аталған әрбір құжатта Шарттың тіркеу нөмірі мен күні көрсетілуге тиіс. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР: Сатып алынатын тауардың тауар өндірушісімен немесе сатып алынатын тауарды өндіретін мүгедектер ұйымымен жасалған шарт бойынша есеп айырысу, оның ішінде түпкілікті есеп айырысу шот-фактура негізінде тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған және 3.4-тармақта көзделген құжаттарды ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізіледі. Келісім-шарт.

3.5. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Тауарларды Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Акт (актілер) Ұлттық тауарлар каталогынан тауардың жеке кодын (kztin) қарастыруы қажет. Ілеспе жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп шарт бойынша тиісті жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындағаннан кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу шарт сомасының 20%-нан аспауы тиіс.

3.6. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

3.7. Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу жүргізілгенге дейін Тараптар Тапсырыс беруші ұсынған нысан бойынша өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін ресімдейді, оны алғаннан кейін Жеткізуші дау болмаған жағдайда 3 (үш) жұмыс күні ішінде екі данада қол қойып, Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті, не Тапсырыс берушіні даулардың бар екендігі туралы жазбаша хабардар етеді. Өзге жағдайда Жеткізуші талап қоюға, дауларды мәлімдеуге құқықтан айырылады және өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоюға міндетті.

3.8. Нақты жеткізілген Тауар үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлемді ескере отырып жүргізіледі.

3.9. Тауардың құны түпкілікті болып табылады және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда өзгертуге жатпайды, әрі оның құрамында қаптама, таңбалау құны, тасымалдау, жинақтау шығындары, сапасы тиісінше емес немесе кемшіліктері бар Тауарды ауыстыру және жөндеу бойынша шығындар, Ілеспе жұмыстар (қызметтер) құны, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар және бюджетке өзге де міндетті төлемдер, сондай-ақ Шарт бойынша Тауарды жеткізумен байланысты Жеткізушінің өзге де шығындары қамтылған, олар Жеткізуші шеккен немесе болашақта шегетін барлық шығындар мен затраттарды, сондай-ақ Жеткізуші өзіне алған барлық міндеттемелер мен олардан туындайтын кез келген салдарларды толық жабады, соның ішінде Тапсырыс берушіге берілетін патенттік, авторлық құқықтар, тіркелген конструкциялар немесе сол сияқты құқықтар және/немесе оның құрамына кіретін бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша төленуге тиіс барлық сомаларды қамтиды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.10. Жеткізушімен есеп айырысқан кезде, Жеткізуші Тапсырыс берушінің Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында жасалған барлық шарттар және (немесе) мәмілелер бойынша төленуге жататын соманы төмендегі сомаға біржақты тәртіппен (өзара есепке алу тәртібімен) азайтуға құқылы екендігімен келіседі: - Жеткізушінің Тапсырыс беруші алдындағы өз міндеттемелерін орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы үшін Тапсырыс беруші қоятын айыппұл санкциялары және (немесе) залалдардың сомасына; - төленген аванстарға (алдын ала төлемдерге); - Жеткізуші Тапсырыс берушіге төлеуге тиіс кез келген берешек сомасына.

3.11. Шарт бойынша төлем теңгемен (Шартта өзгеше көзделмесе) Жеткізушінің Шарттың 20-бөлімінде көрсетілген есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару арқылы жүзеге асырылады.

3.12. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотты толық немесе ішінара дауландыратын болса, Тапсырыс беруші бұл туралы Жеткізушіні дереу хабардар етуге тиіс, ал Жеткізуші дауланбайтын сома бөлігіне жаңа шотты және дауланатын сома бөлігіне жаңа шотты қайтадан ұсынуға тиіс. Тараптар дауланатын сомаларға және оларды түзетуге қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу үшін бар күш-жігерін салуға тиіс.

3.13. Кез келген шот-фактура бойынша төлем жасау, төлем жасамау немесе төлемге қарсылық білдіру фактісі, кез келген төлемдер немесе кез келген дауды реттеу кезіндегі есеп айырысулар, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әрекеттердің кез келген үйлесімі Тапсырыс берушінің Жеткізушінің шот-фактураларын мойындауын білдірмейді. Тапсырыс беруші тарапынан кез келген төлем кез келген шотта көрсетілген соманың негізділігін кейін даулауға құқығын сақтай отырып жүзеге асырылады.

3.14. Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің банктік деректемелері немесе заңды мекенжайлары өзгерген жағдайда, Тараптар бұл туралы өзгеріс болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бірін-бірі хабардар етеді. Егер жоғарыда көрсетілген хабарламаны беру мерзімінің бұзылуы нәтижесінде немесе Жеткізушінің төлемге арналған деректемелерді дұрыс көрсетпеуі салдарынан төлемдер дұрыс емес деректемелер бойынша жүргізілсе, Тапсырыс беруші төлем бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындады деп есептеледі. Сонымен қатар, аударылған ақша қаражаты Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына қайтарылған жағдайда, Тапсырыс беруші тиісті ақшаны Жеткізушіге қайта аударуға міндетті, бұл ретте дұрыс емес деректемелер бойынша ақша аудару нәтижесінде туындаған қосымша шығындар сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалады.

3.15. Тауарды жеткізу кезінде немесе жеткізумен тікелей байланысты төленетін салықтарға, кедендік төлемдерге және бюджетке өзге де төлемдерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар осы Шартқа оған қосымша келісімге қол қою арқылы тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

4. Тауарды орау және таңбалау

4.1. Алдын ала, жеткізілетін Тауарды қаптауды бастауға дейін, Жеткізуші Тауарды жауын-шашын әсерінен, тікелей күн сәулесінен, коррозиядан, тиеу-түсіру кезіндегі апаттардан, тасымалдау және сақтау шарттарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында сақтық шараларын қабылдауға тиіс, мысалы: тазалау, бояу, майлау, қорғаныш үлбірін жағу, морт бөлшектерді алу, жабдықтың ішкі бөлшектерін дірілден немесе соққылардан қорғау үшін шварттау немесе бекіту.

4.2. Егер Шарт талаптарына және (немесе) МЕМСТ талаптарына сәйкес Тауар тиісті түрде қапталуға тиіс болса, қаптама тасымалдау барысында туындауы мүмкін қайта тиеулерді, температура мен ылғалдылық режимін, өзге жүктермен сыйысымдылығын ескере отырып, Тауарды кез келген түрдегі зақымданудан толық қорғауға тиіс, сондай-ақ қаптама қолмен не кранмен тасымалдауға қолайлы болуы қажет. Тауарды қаптау кезінде Жеткізуші Тауарды кез келген көлік түрімен тасымалдау кезінде сақталуын қамтамасыз ету үшін қаптауға қойылатын тиісті талаптарды басшылыққа алуға тиіс. Су өткізбейтін конверттегі қаптама парағының бір данасы әрбір қаптамаға салынуға тиіс. Бұл ретте, Шарт және оған Қосымшаларда өзгеше көзделмесе, қаптама Тапсырыс берушіге қайтарылмайды.

4.3. Жеткізуші арнайы өңдеуді және (немесе) тасымалдау мен (немесе) сақтаудың арнайы жағдайларын талап ететін Тауар бірліктерін, сондай-ақ ауа райы өзгерістерінің әсеріне ұшырайтын Тауарды айқындауға және мұндай заттармен жұмыс істеуге қажетті сақтық шаралары туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге тиіс.

4.4. Жеткізуші Тауарды тиісінше емес және немқұрайлы қаптау немесе қорғау салдарынан туындаған барлық шығындар мен залалдар үшін жауапты болады.

4.5. Тара және (немесе) қаптама тасымалдау жөніндегі мемлекеттік және халықаралық стандарттарға (немесе техникалық шарттарға) сәйкес болуы және автокөлікпен, теміржолмен немесе әуе көлігімен тасымалдау, жүк түсіру және сақтау кезінде толық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тиіс.

4.6. Әрбір жәшіктің немесе қаптаманың сыртқы бетіне су өткізбейтін қағаздан жасалған, қаптама парағының көшірмесі салынған конверт бекітіледі. Конверт жәшікке бекітілетін металл пластинамен жабылуға тиіс. Қаптама парағының екінші данасы Тауар салынған жәшіктің ішіне салынуға тиіс. Егер Тауар қаптамасыз немесе жұмсақ қаптамада жөнелтілсе, конверт Тауардың жұмыс істемейтін бөліктеріне тікелей бекітіледі.

4.7. Қажет болған жағдайда техникалық құжаттама, атап айтқанда Тауардың паспорттары мен пайдалану нұсқаулықтары, қажетті жерлерде Тауар салынған жәшікке немесе қаптамаға салынады.

4.8. Таңбалау Тауардың өндіруші зауыты қабылдаған МЕМСТ және ТШ-ға сәйкес жүзеге асырылады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.9. Таңбалау әрбір жәшіктің немесе Тауар салынған қаптаманың үш бетіндегі (қақпағында, әр жәшіктің алдыңғы және сол жақ бетінде) өшпейтін бояумен орыс тілінде жасалады. Әрбір Тауар салынған жәшік мынадай түрде таңбалануға тиіс: • Жөнелтушінің атауы • Тағайындау пункті • Абайлаңыз • Жоғары • Лақтырмаңыз • Құрғақ жерде сақтаңыз • Шарт №_____ • Брутто салмақ _____ кг • Нетто салмақ _____ кг • Жәшік немесе Қаптама №_____ • Габариттері _____ • Көлемі _____ (текше см) • Ауырлық орталығы.

4.10. Жеткізуші механикалық көтергіш құрылғыларды пайдалануды талап ететін ірі габаритті немесе ауыр салмақты жүктердің барлық қаптамаларында тік орналасуды, көтеру нүктелерін, салмақ пен өлшемдерді айқын көрсетуге, қажет болған жағдайда ауырлық орталығын белгілеуге міндетті.

5. Жеткізу мерзімдері мен талаптары

5.1. Жеткізуші Тауарды Шарттың №1 және №2 Қосымшаларына сәйкес, сондай-ақ Тауарды жеткізу кестесіне (Шартта көзделген жағдайда) сәйкес көрсетілген мекенжайға және мерзімде жеткізуге міндетті.

5.2. Тауарды жеткізу күні деп Тауарға қатысты және тиісінше ресімделген ілеспе құжаттар топтамасымен бірге Тауардың Тапсырыс берушіге Шарт талаптарына сай берілген күні есептеледі. Тауарды жеткізу күні Тараптармен Тауардың Қабылдау-тапсыру актісінде көрсетіледі. Тауардың межелі пунктке келген күні мен Жеткізушінің ілеспе құжаттар топтамасын ұсынуы арасындағы мерзім 10 (оң) күнтізбелік күннен аспауға тиіс. Тауар Жеткізушіден Тапсырыс берушіге саны мен сапасы бойынша Қабылдау-тапсыру актісіне және Шарттың №1, №2 Қосымшаларына сәйкес беріледі. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ оның кездейсоқ жойылу, бұзылу қаупі Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап Жеткізушіден Тапсырыс берушіге өтеді. Жеткізуге байланысты шығындар Шарттың жалпы сомасына енгізіледі.

5.3. Жеткізілетін Тауардың сапасы №2 Қосымшадағы Техникалық сипаттамада көрсетілген талаптарға толық сәйкес келуге тиіс.

5.4. Егер жеткізуші тауарды жеткізудің жекелеген кезеңінде жеткізбеуге жол берсе, ол тек Тапсырыс берушінің келісімі бойынша жеткізуге құқылы.

5.5. Егер жеткізуші тауарды жеткізудің жекелеген кезеңінде жеткізбеуге жол берсе, ол тек Тапсырыс берушінің келісімі бойынша жеткізуге құқылы.

5.6. Ерекше жағдайларда, транзиттік жөнелту нормаларына байланысты, Тапсырыс берушінің жазбаша келісімімен Тауардың әрбір жеке санаты бойынша жеткізу көлемінен –3 (минус үш)% ауытқуға жол беріледі (тек өлшенетін және өлшемі есептелетін жүктер үшін – тонна, метр және т.б.), бұл ретте Тапсырыс беруші Тауар үшін факті бойынша қабылданған Тауарға төлем жүргізеді. Қаптарда, металл және пластик ыдыстарда, сондай-ақ үлкен массалы жәшіктерде жеткізу кезінде паллеттердің болуы көзделуге тиіс.

5.7. Тараптар Шарт бойынша Тауарды жеткізу шарттары өзге Тараппен алдын ала жазбаша түрде келісілмей, біржақты тәртіппен өзгертілмейді деп келіседі.

5.8. Тауарларды ішінара және/немесе мерзімінен бұрын жеткізу Тапсырыс берушінің келісімімен жүзеге асырылуы мүмкін.

5.9. Тапсырыс беруші Жеткізушіні хабардар ете отырып, жеткізу мерзімі бұзылған Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы.

5.10. Жеткізуші Тауарды жеткізу мерзімін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты орындауға деген мүддесін жоғалтады. Мұндай жағдайда белгіленген жеткізу мерзімі өткеннен кейін Жеткізуші Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз Тауарды жеткізуге құқылы емес.

6. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

6.1. Өнім беруші:

6.1.1. Тауарды Шарттың талаптарына сәйкес жеткізуге;

6.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта белгіленген мерзімде және талаптарда жеткізілетін Тауарға құжаттарды, оның ішінде:

6.1.2.1. Электрондық құжат нысанында шарт шеңберінде жеткізілген тауар көлеміне елішілік құндылық үлесін есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) тоқсан сайын (аралық) есепті тоқсаннан кейінгі 5-ші күннен кешіктірмей, сондай-ақ түпкілікті қабылдау актісімен бірге беріледі-тауарды беру);

6.1.2.2. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен тауардың барлық көлеміне (санына) үзінді көшірме (сатып алынатын тауардың тауар өндірушісі немесе сатып алынатын тауармен біртекті тауардың тауар өндірушісі өтініш (декларация) негізінде береді) және бірінші басшының ЭЦҚ (электрондық-цифрлық қолтаңбасы) қойылған және Веб-порталда жүктелген тауарларды қабылдау-берудің электрондық актісі;

6.1.2.3. Шарттың қосымшасына сәйкес нысан бойынша орындалған жұмыстар актісін (Шартта Ілеспе жұмыстар(қызметтер) орындау көзделген жағдайда қолданылады).

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға; Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

6.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде ұсынуға;

6.1.5. Өнім беруші Тапсырыс берушіден жазбаша (оның ішінде электрондық) сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалу барысы туралы аралық есептерді (бұдан әрі - Есеп) Тапсырыс берушіге ұсынуға міндеттенеді. - Есеп өзекті мәліметтерді, оның ішінде қажет болған жағдайда: өндіріс кезеңдері, жинақтау, зауыттық сынақтар, логистикалық кезеңдер, тауарды тиеп жөнелту және қажет болған жағдайда Тапсырыс берушінің сұрауына сәйкес растайтын құжаттарды (фото/бейне материалдар, көлік жүкқұжаттарының көшірмелері, дайындаушы зауыттың сертификаттары және т.б.) қоса бере отырып, кедендік рәсімдерден өту туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

6.1.6. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Өнім беруші аванстан (алдын ала төлемнен) бас тартқан және Тәртіптің 43-тармағының 8-тармағымен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда _____ түріндегі Шарт бойынша аванстық (алдын ала төлемді) толық өтегенге дейінгі әрекет ету мерзімімен аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды енгізуді қамтамасыз етуге; Егер Өнім беруші Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Өнім беруші осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі.

6.1.7. Жеткізуші авансты қайтаруды қамтамасыз ету ретінде не Шартты орындауды қамтамасыз ету ретінде ұсынатын банктік кепілдік мына мәліметтерді қамтуға тиіс:

6.1.7.1. Банктің атауы;

6.1.7.2. Банктік кепілдік (кепілдік міндеттеме) нөмірі;

6.1.7.3. Банктік кепілдіктің күні;

6.1.7.4. Жеткізушінің атауы;

6.1.7.5. шарттың нөмірі мен күні;

6.1.7.6. шарттың мәні;

6.1.7.7. банктік кепілдіктің сомасы;

6.1.7.8. банктік кепілдіктің қолданылу мерзімі.

6.1.8. Қағаз түріндегі банктік кепілдіктің түпнұсқасы Тапсырыс берушіге мына мекенжай бойынша ұсынылады: Қазақстан Республикасы, , Ақтөбе қ., Тәусіздік 7 к-сі;

6.1.9. Тауарды қабылдау-тапсыру процесінде Тауардың сапасын, санын, сондай-ақ Тауардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыруға.

6.1.10. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін талап етілетін (оларды алу қажеттілігі туындаған жағдайда) рұқсат құжаттамасын, соның ішінде экспорттық және импорттық лицензияны немесе өзге де ресми рұқсатты алуға, сондай-ақ Тауарды әкету, оны кез келген ел аумағы арқылы тасымалдау және Тауарды әкелу үшін қажетті барлық кедендік рәсімдерді орындауға байланысты барлық шығындарды көтеруге;

6.1.11. Тапсырыс берушінің талабы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Шарт бойынша жеткізілетін Тауарға бірдей және (немесе) біртекті тауарлар бойынша Жеткізуші ұсынатын бағалар туралы ақпаратты (оның ішінде белгілі бір күнге Жеткізуші қол қойған коммерциялық ұсыныстарды) Тапсырыс берушіге ұсыну мүмкіндігін қарастыруға;

6.1.12. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын, оның ішінде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары мен Шартқа қоса берілетін қосымшаларда (Шартта қосымшалар көзделген жағдайда, мысалы, Ілеспе жұмыстар (қызметтер) орындалған кезде) көрсетілген талаптарды сақтауға және олар үшін толық жауапкершілік көтеруге. Қажетті талаптар мен стандарттар сақталмаған жағдайда, жоғарыда көрсетілген талаптарға толық сәйкес келтірілгенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындауға Жеткізушіге тыйым салынуы мүмкін. Осы орайда аталған шарттарды бұзудың нәтижесінде туындаған Тауарды уақтылы жеткізбеу үшін Жеткізуші жауап береді;

6.1.13. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз өз міндеттемелерін толық та, ішінара да үшінші тұлғаларға бермеуге;

6.1.14. Тапсырыс берушінің талабы бойынша осы Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

оларды тарту сәтінде Тапсырыс берушіге ұсынуға. Қосалқы мердігерлердің болуы Жеткізушіні Шарт бойынша материалдық немесе өзге де жауапкершіліктен босатпайды. Тапсырыс беруші Жеткізушімен жасалған шартты бұзғаны үшін қосалқы мердігерге талаптар қоюға құқылы;

6.1.15. Тапсырыс берушінің жазбаша актісі бойынша онда көрсетілген Тапсырыс беруші өкілдерін аудит жүргізуге жіберуге, оларды Жеткізушінің Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелерін орындауға қатысты құжаттармен (бухгалтерлік шоттармен, шот-фактуралармен, шығыстар бойынша бастапқы құжаттамамен) алуға және танысуға құқықпен қамтамасыз етуге;

6.1.16. Шарт бойынша Тауарды жеткізуге және монтаждау, жинақтау, іске қосу-реттеу жұмыстарын жүргізуге біліктілігі, құзыреттілігі және жеткілікті тәжірибесі бар персоналды тартуға. Мұндай персоналдың барлығы Қазақстан Республикасының заңнамасының қолданылатын барлық ережелерінде, нұсқаулықтарында, нормаларында және өзге де талаптарында көзделген біліктілікке, тәжірибеге және тиісті даярлыққа ие болуы тиіс;

6.1.17. Тауардың түпкілікті Қабылдау-тапсыру актісіне/Орындалған жұмыстар актісіне (Ілеспе жұмыстар (қызметтер) орындалған кезде) қол қойылғаннан кейін Тапсырыс берушінің талабы бойынша 3 (үш) жұмыс күні ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоюға;

6.1.18. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Жеткізуші жіберген бұзушылықтар үшін толық жауаптылықта болуға, сондай-ақ экология, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, салық салу, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі салаларында заңнаманы бұзғаны үшін уәкілетті мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге салған кез келген өндіріп алуларды толық көлемде өтеп беруге;

6.1.19. Тауардағы ел ішіндегі құндылық үлесіне қатысты ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беруге;

6.1.20. Егер Өнім беруші Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінде (бұдан әрі - КТП) тұратын сатып алынатын тауардың тауар өндірушісі болып табылған жағдайда, онда өнім беруші өз өндірісінің тауарын жеткізуге міндеттенеді. Сатып алынған тауарды қабылдау – беруді растайтын тиісті актіге, сатып алынатын тауардың партиясына/сериясына қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмені Тараптар қол қойған күнге дейін өнім берушінің осы міндеттемені орындауын растау болып табылады. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді-көшірме көрсетілген елішілік құндылық үлесімен шарт шеңберінде жеткізілген тауардың барлық көлеміне(санына) ұсынылуға тиіс. қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді-көшірме;

6.1.21. Мемлекеттік органдар камералдық бақылау, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге іс-шаралар шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысулардың көрсетілмеу (төленбеу) фактілерін немесе расталмауын анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасы бюджетінен ҚҚС-тың асып кеткен сомасын қайтарудан бас тартылса не қосымша салықтар есептеу туралы талап қойылса, Жеткізуші Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС-тың асып кеткен сомасының барлығын, сондай-ақ барлық өзге де есептелген салықтарды, оның ішінде қаржылық санкцияларды толық көлемде өтеуге міндеттенеді. Осы тармақта көзделген шарт тек Жеткізушінің өзімен тікелей өзара қатынастармен шектелмейді, сондай-ақ Жеткізушінің жеткізушілерімен өзара қатынастарға да қолданылады, олардың қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулардың расталмауына, қосылған құн салығын қайтармауға және Тапсырыс берушіге мемлекеттік органдармен қосымша салықтар мен қаржылық санкциялар есептеуге әкеп соқтырған жағдайларына да таралады;

6.1.22. Мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі және (немесе) тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге іс-шаралар шеңберінде Жеткізушіге босату шарттарының қолданылмауына байланысты төлем көзінен ұсталатын салықтан негізсіз босату қолданылғаны анықталған жағдайда, Жеткізуші Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетін төлетуге тиіс барлық салықтар мен қаржылық міндеттемелердің толық сомасын өтеуге міндеттенеді. Тапсырыс беруші аталған оқиғалардың туындау фактісін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады;

6.1.23. Тапсырыс берушінің сұранысы бойынша Шартты орындауға байланысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Жеткізушінің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін көрсетілген мерзімдерде ұсынуға;

6.1.24. Техникалық сипаттамада көзделген жағдайда, жеткізілетін Тауардың зауыттық сынақтарына Тапсырыс беруші өкілдерінің қатысуын өз қаражаты есебінен қамтамасыз етуге, оның ішінде іссапар шығындарын (Тапсырыс берушінің орналасқан жерінен зауыттық сынақтар өткізілетін жерге дейін және кері жол жүруді, сондай-ақ Тапсырыс беруші өкілдерінің іссапарда болған кезеңіндегі тұруы мен тамағын) төлеуге;

6.1.25. Кіру/шығу кезінде, сондай-ақ Тапсырыс берушінің шарттық/шарттан тыс аумағында көлік құралдары мен арнайы техниканың жүріп-тұруы/болуы кезінде Тапсырыс берушіге және (немесе) оның өкілдеріне (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, жылжымалы және (немесе) тұрақты топтар/күзет қызметтері) Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ресімделген жүріп-тұруға арналған рұқсатнама(лар)ды, сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғалардың талабы бойынша Тапсырыс берушінің және (немесе) оның өкілінің (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, жылжымалы және (немесе) тұрақты топтар/күзет қызметтері) Жеткізушінің көлік құралдары мен арнайы техникасын, оның ішінде тиісті құжаттарды толық қарап-тексеру құқығын ұсынуға. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және (немесе) оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні шарттық аумаққа не қорғалатын нысанға жібермеуге, сондай-ақ аумақ шегінен шығарып жіберуге немесе Тапсырыс берушінің шарттық аумағында құқық бұзушылық, қылмыс анықталған жағдайда ҚР құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.1.26. Жеткізушілердің қызметкерлеріне, жүргізушіге, сондай-ақ ұйымдардың автокөлігіне Тапсырыс берушінің кен орындарына кіру үшін уақытша рұқсаттамаларды қауіпсіздік қызметі осы Шартқа жетекшілік ететін бөлім бастықтары (менеджерлер) беретін өтінімдер негізінде береді.

6.1.27. Уақытша рұқсаттамаларды алуға өтінім алдын ала (тапсырыс берушінің объектілеріне (кен орнына) жоспарланған барғанға дейін кемінде 3 күн бұрын берілуі тиіс.

6.1.28. Кестелік нысандағы өтінімде: Шарттың (егер бар болса, ұзарту туралы қосымша келісімнің) жасалған нөмірі мен күні, қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, мердігер ұйымның атауы, автомашинаның мемлекеттік нөмірі (егер қызметкер осы автомашинаның немесе арнайы техниканың жүргізушісі болып табылса), рұқсаттама сұратылатын мерзім көрсетілуі тиіс.

6.1.29. Автокөлік құралына рұқсаттама беруге арналған өтінімге жүргізушінің жүргізуші куәлігінің, техникалық паспорттың, техникалық қарап тексерудің көшірмесі және өнім беруші бөгде автокөлікті тартқан жағдайда жалдау немесе жалдау шартының көшірмесі қоса берілуге тиіс.

6.1.30. Тапсырыс берушінің кен орнына кіруге рұқсаттама мына мекенжай бойынша беріледі: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, "Қазақойл Ақтөбе" ЖШС кеңсесі, Тәуелсіздік Даңғылы, 7.

6.1.31. Уақытша рұқсатнама алуға өтінім Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС кеңсесі, Тәуелсіздік даңғылы, 7 мекен-жайы бойынша орналасқан «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімі басшысының атына берілуі тиіс, немесе e-mail: info@koa.kz кем емес тауарды жеткізу мақсатында Тапсырыс берушінің объектілеріне (кен орнына) жоспарланған баруға дейін үш жұмыс күні бұрын

6.1.32. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және бұдан әрі ай сайынғы негізде Шартты орындауға тартылған барлық мердігерлер/қосалқы мердігерлер туралы олардың атауын, орналасқан жерін, БИЗНЕС-СӘЙКЕСТЕНДІРУ НӨМІРІН (БСН) және олардың Жеткізушімен үлестестік белгілерінің бар-жоғын көрсете отырып, Тапсырыс берушіге ақпарат ұсынуға. Тапсырыс беруші түпкі бенефициар иесінің офшор аймақтарында тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзінде сақтайды;

6.1.33. Шартта, Тәртіпте және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге міндеттерді орындауға.

6.1.34. Өнім беруші тауарларды жеткізудің іс жүзінде жүзеге асырылуына, жеткізілетін тауарлардың осы Шарттың талаптарына сәйкестігіне, сондай-ақ тауарға ілеспе құжаттарды, жүккұжаттарды, қабылдау-тапсыру актілерін (бар болса), электрондық шот-фактураларды (ЭШФ) және тауарлардың жеткізілуі мен шығу тегін растайтын өзге де құжаттарды қоса алғанда, ұсынылатын құжаттардың дұрыстығы мен тиісінше ресімделуіне кепілдік береді. Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша Өнім беруші күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жеткізілген тауарлардың жеткізу фактісін, санын, ассортиментін, құнын және өзге де сипаттамаларын растау үшін, оның ішінде мұндай құжаттар мен түсіндірмелерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдарына ұсыну үшін қажетті құжаттар мен түсіндірмелерді ұсынуға міндетті. Өнім беруші растайтын құжаттарды ұсынбаған не Тапсырыс берушінің құжатпен расталған салықтық шығындарына әкеп соқтырған жалған мәліметтер ұсынған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген тәртіппен және шарттарда мұндай шығындарды өтеуге міндетті.

6.2. Өнім беруші:

6.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

6.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақтылы қабылдауды және Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қоюды талап етуге;

6.2.3. Шартты, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша бұзуға;

6.2.4. Шартта аванс (алдын ала төлем) төлеу және (немесе) Шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу көзделсе, авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді және (немесе) енгізілген Шартты орындауды қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды Тапсырыс берушіден талап етуге.

6.3. Тапсырыс беруші:

6.3.1. Өнім беруші жеткізген тауарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға;

6.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Қабылдап алу-тапсыру актісіне Өнім берушіден Қабылдап алу - тапсыру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

6.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

6.3.4. Жеткізуші өз міндеттемелерін Шарт бойынша толық әрі тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде алынған алдын ала төлем сомасына авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді Жеткізушіге қайтаруға;

6.3.5. Жеткізуші өз міндеттемелерін Шарт бойынша толық әрі тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде немесе

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тиісті жыл бойынша (егер ұзақ мерзімді Шарт бойынша Шартты орындауды қамтамасыз етуді тиісті жылға енгізу көзделсе) Шартты орындауды қамтамасыз етуді Жеткізушіге қайтаруға.

6.3.6. Тапсырыс беруші ұсынылған Есепті алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарауға міндеттенеді. Ескертулер болған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде жоюға міндетті кемшіліктер туралы ақпарат жібереді.

6.4. Тапсырыс беруші:

6.4.1. Өнім берушіден Шартта көзделген Тауарды тиісті мөлшерде және сапада алуға;

6.4.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы ведомоске сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;

6.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу және (немесе) шарттан бас тартуға құқылы.

6.4.4. Жеткізушіден Тауарды қабылдау кезінде туындаған айыпақының (өсімпұл, айып) қойылған сомасын, залалдар мен шығындарды төлеуді талап етуге;

6.4.5. Шартты орындаудың кез келген сәтінде немесе кез келген кезеңінде Тауарды жеткізуге қатысты Жеткізушінің әрекеттеріне бақылау жүргізуге. Тапсырыс берушінің осы Шарт мәселелері бойынша Жеткізушінің кез келген техникалық немесе өзге де ақпаратына қол жеткізу құқығы бар;

6.4.6. Жеткізуші өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда Шарт бойынша төлемді тоқтата тұруға;

6.4.7. Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы және Шарттың орындалу мәртебесі туралы ақпаратты сұратуға, Жеткізушінің қызметіне араласпай, тапсырыстың дайындау барысы мен сапасын тексеруге;

6.4.8. Жеткізушіге Шарт және Тараптар арасындағы өзге мәмілелер бойынша төленуге жататын төлемнен айыпақы/айыппұл сомасын, жауапты сақтау қызметтері үшін шығындар сомасын (Көрсетілген қызметтер актісіне сәйкес) және өзге де қызметтерді, сондай-ақ теміржол көлігі қызметтері үшін шығындар сомасын (оған магистральдық және станциялық жолдарда жай тұрып қалу үшін ақы, вагондарды беру және әкету үшін алым, жүк, вагондар мен контейнерлердің жақындауы туралы алдын ала ақпарат беруге арналған алым, оператор алымы, күзет қызметінің кідірісі үшін алым және өзге де қызметтер кіруі мүмкін) ұстап қалуға;

6.4.9. Жеткізілген Тауардағы кемшіліктерді жоюды немесе оны жаңасына ауыстыруды талап етуге;

6.4.10. Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауардан немесе оның бір бөлігінен бас тартып, кейіннен Тауардың/Шарттың құнын азайтуға не сапасыз Тауарды Жеткізушіге қайтаруға;

6.4.11. Ілеспе жұмыстар (қызметтер) жүргізу қажет болған жағдайда, Шартта көзделген біліктілікке сәйкес келмейтін Жеткізушінің/мердігерлердің/қосалқы мердігерлердің персоналын немесе олардың өкілдерін бұл сәйкессіздіктер жойылғанға дейін объектіге жіберуді шектеуге немесе достықтан бас тартуға;

6.4.12. Тапсырыс берушінің объектілерінде Жеткізушінің немесе оның өкілдерінің персоналы мен көлік құралдарының қолжеткізуін Тапсырыс берушінің ішкі қағидаларын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтамағаны үшін анықталған бұзушылықтар немесе сәйкессіздіктер толық жойылғанға дейін шектеуге;

6.4.13. Жеткізушіден Шартты орындауға байланысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Жеткізушінің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін сұратуға;

6.4.14. Осы Шарт бойынша төлем сомалары, оның ішінде Жеткізушінің атауы, шот нөмірі және төлем мақсаты туралы мәліметтерді қамтитын банк шоты бойынша үзінді көшірмені Қордың қауіпсіз мекенжайына ұсынуға;

6.4.15. Қордың сұрауы бойынша осы Шартқа қатысты кез келген ақпаратты ұсынуға;

6.4.16. Тапсырыс берушіде Тауарға деген қажеттілікті азайту қажеттігі туындаған жағдайда, оның ішінде мұнай бағасының конъюнктурасының төмендеуі кезінде, Тапсырыс беруші мына құқықтарын өзінде сақтайды:

6.4.16.1. кез келген уақытта Поставщикті Шартты бұзу туралы болжанған күнге 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және Тапсырыс берушіден осындай жазбаша хабарламаны алғанға дейін факті бойынша жеткізілген немесе жөнелтілген Тауар үшін Жеткізушіге төлем жүргізуге. Бұл ретте, Тапсырыс берушіден Шартты бұзу туралы жазбаша хабарламаны алғаннан кейін Жеткізушінің Тауарды кез келген жөнелтуі Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір өтемақыға жатпайды;

6.4.16.2. Тауардың көлемін (санын) азайту (қысқарту) туралы қосымша келісім жасасуға. Бұл ретте Тапсырыс беруші Жеткізушіге Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен қабылдаған Тауардың құнын ғана төлейді;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.4.17. Тапсырыс берушінің аумағында (соның ішінде шарттық/шарттан тыс) кез келген уақытта және жерде/объектіде барлық көлік құралдарын және арнайы техниканы тиісті құжаттарымен (Қазақстан Республикасының көлік құралын тіркеу туралы куәлігі, жүргізуші куәлігі, маршруттық парақ, тауар-көлік жүккұжаты, ТМҚ қабылдау-тапсыру актісі және т.б.) бірге тексеруге және қарап шығуға. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және (немесе) оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні шарттық аумаққа немесе күзетілетін нысанға жібермеуге, сондай-ақ аумақ шегінен шығарып жіберуге немесе Тапсырыс берушінің аумағында құқық бұзушылық, қылмыс анықталған жағдайда ҚР құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы;

6.4.18. Тауардағы ел ішіндегі құндылық үлесі бойынша Жеткізуші жалған ақпарат ұсынған жағдайда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және залалдарды өтеуді талап етуге;

6.4.19. Жеткізушіден өндірістік қуаттарды, активтерді және қаржылық тұрақтылықты растайтын құжаттар мен өзге мәліметтерді сұратуға, сондай-ақ Жеткізушінің объектілеріне бару арқылы тексерулер жүргізуге.

7. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

7.1. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушімен алдын ала жазбаша келісу бойынша Тауарды жеке партиялармен ішінара жеткізуге де, Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге де жол беріледі.

7.2. Жеткізуші жоспарланған жеткізу күніне дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын Тапсырыс берушіні факс немесе электрондық байланыс арқылы (Тауарды жеткізу тәсілін көрсете отырып) Тауарды жеткізу туралы хабардар етеді және Тауарға қатысты құжаттардың, соның ішінде Тауардың техникалық параметрлерін айқындайтын құжаттардың (сәйкестік сертификаттарының көшірмелері, техникалық паспорттар, сапа куәліктері, ілеспе жүккұжаттар және т.б.) көшірмелерін ұсынады. Хабарламада Жеткізуші: жөнелту күнін, Шарттың нөмірін, Тауардың атауы мен санын, жөнелтілген партияның жалпы құнын, орын санын және салмағын, көлік нөмірін (оның ішінде автокөлік құралының, вагонның, контейнердің) көрсетеді. Жөнелту туралы хабарламаны уақтылы ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Тауар келіп түскен күні қабылдаудан бас тартып, қабылдау күнін 2 (екі) жұмыс күніне дейін кейінге қалдыруға құқылы.

7.3. Тараптар Тауарды қабылдап-тапсыруға қатысты құжаттарды өз өкілетті өкілі/өкілдері арқылы ресімдеуге қатыса алады. Егер Жеткізуші немесе оның өкілі Тауарды түсіру кезінде қатысу мүмкіндігіне ие болмаса, онда Тауар № 1 Қосымшада көрсетілген мекенжайға жеткізілгеннен кейін 2 (екі) сағат ішінде Жеткізуші факс немесе электрондық байланыс арқылы Тапсырыс берушіге Жеткізушінің немесе оның өкілінің қатысуынсыз Тауарды түсіруге өз келісімін білдіретін хат жолдайды. Көрсетілген уақыт өткеннен кейін Жеткізуші түсіруге келісім туралы хабарламаны жібермеген жағдайда, мұндай келісім алынған деп есептеледі, бұл ретте түсіруге байланысты тәуекелдер Жеткізушінің мойнында болады.

7.4. Тауарды қабылдау стандарттарға, техникалық шарттарға, Шарт пен Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына, сондай-ақ жеткізілетін Тауардың сапасы мен жинақтылығын растайтын ілеспе құжаттарға (паспорт, сертификат және т.б.) сәйкес жүзеге асырылады. Тауарды саны мен сапасы бойынша тапсыру және қабылдау нәтижелері бойынша Тараптар Қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды.

7.5. Тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің Қабылдау комиссиясы Жеткізушіден Шартта көзделген және Тауарды жеткізуді растайтын ілеспе құжаттар алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырады және Тауарды қабылдау Тауардың Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап іске асырылды деп есептеледі.

7.6. Тауар Жүк алушының қоймасына берілген сәтте Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынадай ілеспе құжаттарды ұсынуға міндетті: • Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талабына сәйкес ресімделген жүккұжат – 1 (бір) түпнұсқа; • Тапсырыс берушінің атына және Жүк алушының мекенжайына жазылған тауар-көлік жүккұжаты – 1 (бір) түпнұсқа; • әрбір жәшіктің және/немесе қаптаманың нөмірі мен құрамын, салмағын (нетто және брутто) көрсететін қаптама парағы – 3 (үш) түпнұсқа; • Тауар өндіруші зауыт берген сапа паспорты және (немесе) тауарды пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 (бір) түпнұсқа немесе нотариатта куәландырылған көшірме (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда немесе Тапсырыс берушінің талабы бойынша зауыт-өндірушіден тауарды пайдалану жөніндегі нұсқаулық және (немесе) паспорт жеткізілетін Тауардың әрбір бірлігіне, оның құрамдас бөліктерін қоса алғанда, ұсынылады); • Тауардың шығу тегі туралы сертификат (импортталатын Тауар үшін). Тауардың шығу елін айқындау, Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) тауарының немесе шетел тауарының мәртебесі, тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру және оның күшін жою қағидаларында белгіленген тәртіппен тауар шыққан елдің тиісті органы берген Тауардың шығу тегі туралы Сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі ұсынылады. ЕАЭО мүше мемлекеттерінен тауарлар әкелінген кезде (Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шарттың 25-бабының 5-тармағы) Тауардың шығу тегі туралы сертификат талап етілмейді, өйткені мүше мемлекеттер аумақтары арасында тауарларды кедендік декларациялау мен мемлекеттік бақылауды (көліктік, санитарлық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік фитосанитариялық) қолданбай еркін айналым жүзеге асырылады; • Қазақстан Республикасында міндетті сертификаттауға жататын Тауардың сәйкестік сертификаты – 1 (бір) түпнұсқа немесе көшірме (міндетті сертификаттауға жатпайтын Тауарға қатысты Жеткізуші Қазақстан Республикасының мемлекеттік (уәкілетті) органының ресми интернет-ресурсына (веб-сайтына) сілтемені қамтитын хат ұсынады); • Тауарды халықаралық автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің аумақтық бөлімшесі берген мемлекеттік бақылаудан өткені туралы талонды ұсыну; • Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық рұқсат құжаттары, оның ішінде жеткізілетін Тауарға лицензиялар, сертификаттар, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын (соның ішінде шетелдік) технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды сынауға және қолдануға рұқсаттар. Егер жеткізілетін Тауарға уәкілетті органның бұрын берілген рұқсаты және оның ресми сайтында орналастырылған ақпараты болса, Жеткізуші Қазақстан Республикасының

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

мемлекеттік (уәкілетті) органының ресми интернет-ресурсына (веб-сайтына) сілтемені қамтитын өтінішті ұсынады; • осы Шарттың № 2 Қосымшасында көрсетілген ілеспе құжаттар. Техникалық сипаттама (№ 2 Қосымша) Жеткізуші ұсынуға тиіс қосымша құжаттар тізбесін көздеуі мүмкін.

7.7. Егер Жеткізуші Тауарды қабылдау үшін көзделген мерзімде осы Шарттың 7.6-тармағында көрсетілген ілеспе құжаттарды ұсынбаса немесе өзге сәйкессіздіктер/кемшіліктер анықталса, жеткізілген Тауар Жеткізуші барлық сәйкессіздіктерді/кемшіліктерді жойғанға дейін және/немесе барлық құжаттар алынғанға дейін Тапсырыс беруші тарапынан жауапты сақтауға қабылданады, бұл туралы Тапсырыс беруші Жеткізушіні дереу хабардар етеді. Тауар Тапсырыс беруші Жеткізушіге пошта (курьерлік және т.б.) арқылы не электрондық байланыс құралдарымен жіберілетін жазбаша хабарлама жолдаған сәттен бастап жауапты сақтауға қабылданды деп есептеледі, онда Тауардың саны мен жай-күйі, оның ішінде барлық бар кемшіліктер көрсетіледі. Өнім берушінің тауары жеткізілген тауарға сәйкес остігі Туралы Өнім берушіні хабардар еткен сәттен бастап күнтізбелік 15 күннен астам жауапты сақтауда болған жағдайда, өнім берушіден тауар сақталған тауардың жалпы құнының 1%, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% аспайтын мөлшерінде болған әрбір келесі күн үшін ақы алынады

7.8. Тауар жауапты сақтауға қабылданғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Жеткізуші Тапсырыс берушіге жетіспейтін құжаттарды ұсынуға немесе сәйкессіздіктерді/кемшіліктерді жоюға міндетті.

7.9. Жеткізуші 10 (он) күнтізбелік күн өткеннен кейін ілеспе құжаттарды ұсынбаса немесе сәйкессіздіктерді/кемшіліктерді жоймаса, Тапсырыс беруші Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы, бұл туралы Жеткізушіні жазбаша түрде хабардар ете отырып, ал Жеткізуші Тапсырыс беруші Тауарды сақтауға қабылдау туралы хабарламаны жіберген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Тауарды алып кетуге немесе оған билік етуге міндеттенеді. Егер Жеткізуші жауапты сақтауға қабылданған Тауарды белгіленген мерзімдерде алып кетпесе және оған билік етпесе, Тапсырыс беруші жауапты сақтауға қабылданған Тауарды (немесе оның бір бөлігін) Жеткізушіге қайтаруға не Тауарды өткізуге құқылы (өткізуден түскен сома Тапсырыс берушіге тиесілі сома ұсталғаннан кейін Жеткізушіге беріледі). Жауапты сақтауға Тапсырыс беруші қабылдаған Тауарды әкету жағдайында Жеткізуші Тапсырыс беруші жоғарыда көрсетілген хабарламаны жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде әкету күні туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндетті. Жеткізуші жауапты сақтауға қабылданған Тауарға Тапсырыс берушінің меншігіне өтеусіз беру жолымен билік етуге құқылы.

7.10. Жеткізуші 10 (он) күнтізбелік күн өткеннен кейін ілеспе құжаттарды ұсынбаса немесе сәйкессіздіктерді/кемшіліктерді жоймаса, Тапсырыс беруші Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы, бұл туралы Жеткізушіні жазбаша түрде хабардар ете отырып, ал Жеткізуші Тапсырыс беруші Тауарды сақтауға қабылдау туралы хабарламаны жіберген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Тауарды алып кетуге немесе оған билік етуге міндеттенеді. Егер Жеткізуші жауапты сақтауға қабылданған Тауарды белгіленген мерзімдерде алып кетпесе және оған билік етпесе, Тапсырыс беруші жауапты сақтауға қабылданған Тауарды (немесе оның бір бөлігін) Жеткізушіге қайтаруға не Тауарды өткізуге құқылы (өткізуден түскен сома Тапсырыс берушіге тиесілі сома ұсталғаннан кейін Жеткізушіге беріледі). Жауапты сақтауға Тапсырыс беруші қабылдаған Тауарды әкету жағдайында Жеткізуші Тапсырыс беруші жоғарыда көрсетілген хабарламаны жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде әкету күні туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндетті. Жеткізуші жауапты сақтауға қабылданған Тауарға Тапсырыс берушінің меншігіне өтеусіз беру жолымен билік етуге құқылы.

7.11. Қаптаманың тұтастығы бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші жеткізілген Тауардан бас тартуға құқылы.

7.12. Қабылдау-тапсыру актісіне қол қою күні Тауарды қабылдау аяқталғаннан кейін актінің өзінде көрсетіледі. Тауарды жеткізу күні Қабылдау-тапсыру актісінде актіге қол қою күнінен бөлек көрсетіледі. Тауар-көлік жүкқұжаты (Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғанына сәйкес келген жағдайда) Тапсырыс берушінің алынған Тауарды ресімдеуіне арналған, бұл ретте жүкқұжат өзге құжаттарсыз жеке алғанда Тауарды саны мен сапасы бойынша есепке алу мақсатында қабылдауды растайтын құжат болып табылмайды. Жеткізуші Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Тауарға ілеспе жүкқұжат жазып беруге міндеттенеді.

7.13. Ілеспе жұмыстар (қызметтер) жүргізу қажеттігі туындаған жағдайда, Жеткізуші көрсетілген жұмыстарды (қызметтерді) орындауға және Тапсырыс берушіге нысаны бойынша (Шарттың № 5 Қосымшасы) Орындалған жұмыстар актісіне қол қойып ұсынуға міндеттенеді. Ілеспе жұмыстар (қызметтер) Тараптар Шартта келіскен мерзімдерде Жеткізушінің күшімен және қаражаты есебінен орындалады.

7.14. Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғанға дейін Тапсырыс беруші орын санының, жүктің салмағы мен өлшемдерінің, Тауардың қаптама жағдайы мен таңбалауының визуалды (сыртқы) тексеруін тиісті акт жасай отырып жүргізуге құқылы.

7.15. Тауардың тиісінше жеткізілмеуіне (саны мен сапасы бойынша) және/немесе Ілеспе жұмыстар (қызметтер) Шарт талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты Тауарға қатысты талаптар болған жағдайда Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісіне және/немесе Орындалған жұмыстар актісіне қол қоймауға және анықталған кемшіліктер туралы тиісті актіні қоса бере отырып, Жеткізушіге шағым жолдауға құқылы.

7.16. Шағым Тапсырыс беруші тарапынан Тауар жеткізілген және/немесе Ілеспе жұмыстар (қызметтер) орындалған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жолдануға тиіс. Егер Жеткізуші 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Жеткізуші тарапынан мойындалған деп есептеледі және Жеткізуші Шартта көзделген мерзімдерде жеткізілмеген Тауарды жеткізуге және/немесе сапасыз Тауардың бөлігін ауыстыруға міндетті. Тапсырыс берушінің шағымымен келіспеген жағдайда, Тапсырыс беруші Тауардың сапасын тексеру үшін қажетті сараптама (соның ішінде бүлдіруші сипаттағы) жүргізуге құқылы. Егер сараптама қорытындысымен Тауардың Шарт талаптарына сәйкес еместігі анықталса, Тапсырыс беруші сараптамаға тартылған Тауардың құнын Жеткізушіге өтемейді, ал Жеткізуші сәйкессіз Тауарды шығарып әкетуге міндеттенеді. Бұл ретте, Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша Жеткізушіден жарамсыз сападағы Тауарды Шарт талаптарына сәйкес келетін Тауарға ауыстыруды талап етуге немесе Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тартуға құқылы. Бұл ретте, Жеткізуші сараптама жүргізілуіне байланысты Тапсырыс беруші шеккен шығындарды өтейді..

7.17. Тапсырыс берушінің келісімімен, кемшіліктер анықталған жағдайда, олар анықталған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде осындай Тауарды тегін ауыстыруды жүзеге асыруға Жеткізуші міндетті, бұл ретте көрсетілген ауыстыру Тауардың сапасы мен өзге техникалық сипаттамаларының нашарлауына әкеп соқпауы және соңғы техникалық әзірлемелерге сәйкес болуы тиіс. Ауыстыруға неғұрлым ұзақ мерзімдерді талап ететін техникалық күрделі жабдықты ауыстыру Тараптар келіскен ақылға қонымды мерзімдерде, бірақ анықталған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

7.18. Кемшіліктері бар Тауарды ауыстыру тәртібі осы Шартта келісілген Тауарды жеткізу шарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Тауарды ауыстыруға байланысты барлық шығындарды Жеткізуші көтереді.

7.19. Егер Тауардағы ақаулар/кемшіліктерді жою Тапсырыс берушінің күшімен жүзеге асырылса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге осыған байланысты шығындарды тиісті шот ұсынылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде өтеуге міндетті.

7.20. Егер тауарларды қабылдау-тапсыру актісі бойынша Шартта мәлімделген Тауардың санына не сапасына сәйкессіздік анықталса, Жеткізуші бұрын жазып берілген шот-фактураға қосымша немесе түзетілген шот-фактураны Қазақстан Республикасының салық заңнамасының ережелеріне сәйкес жазып беруге міндетті.

7.21. Егер тауарларды қабылдау-тапсыру актісі бойынша Шартта мәлімделген Тауардың санына не сапасына сәйкессіздік анықталса, Жеткізуші бұрын жазып берілген шот-фактураға қосымша немесе түзетілген шот-фактураны Қазақстан Республикасының салық заңнамасының ережелеріне сәйкес жазып беруге міндетті.

7.22. Активтегі анықталған ақаулар туралы акт Жеткізушіге Тауардағы кемшіліктер анықталғаны туралы жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ресімделеді. Көрсетілген бес күндік мерзім Жеткізуші өкілінің тиісті Тауар орналасқан жеріне келуі үшін қажетті мерзімге ұзартылады, бірақ 10 (он) жұмыс күнінен аспайды. Жеткізуші активтегі анықталған ақаулар туралы актіні ресімдеуге белгіленген мерзімде қатысу үшін келмеген жағдайда, активтегі анықталған ақаулар туралы акт Тапсырыс беруші тарапынан Жеткізушінің қатысуынсыз ресімделеді. Мұндай жағдайда Тапсырыс беруші өз қаражаты есебінен (мүлікті бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар) тәуелсіз үшінші тұлғаны, Тапсырыс берушінің қалауы бойынша айқындалатын, активтегі анықталған ақаулар туралы актіні ресімдеуге қатысу үшін тартуға құқылы. Егер тәуелсіз үшінші тұлға Тауарда кемшіліктердің бар екені фактісін және осыған байланысты Тапсырыс берушінің Жеткізушіге қойылған талаптарының негізділігін растаса, тәуелсіз үшінші тұлғаны тартуға байланысты Тапсырыс берушінің шығындары Жеткізуші тарапынан Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша толық көлемде өтелуге тиіс.

7.23. Тауардағы кемшіліктер көрсетілген, белгіленген тәртіппен ресімделген активтегі анықталған ақаулар туралы акт негізінде Тапсырыс беруші талаптар қойған жағдайда, тиісті актіде көрсетілген кемшіліктер Жеткізуші тарапынан расталған болып есептеледі және Жеткізуші Тапсырыс беруші қойған талаптарды орындауға міндетті.

7.24. Тауардағы кемшіліктерге байланысты талаптар кепілдік мерзімі ішінде анықталған жағдайда, кейіннен Тапсырыс беруші тарапынан қойылуы мүмкін. Бұл ретте:

7.24.1. құрамдас бұйымдарға негізгі бұйымға қарағанда қысқа кепілдік мерзімі белгіленген жағдайда, Тапсырыс беруші негізгі бұйымның кепілдік мерзімі ішінде анықталған құрамдас бұйымның кемшіліктеріне байланысты талаптарды қоюға құқылы;

7.24.2. құрамдас бұйымға негізгі бұйымға қарағанда ұзағырақ кепілдік мерзімі белгіленген жағдайда, Тапсырыс беруші құрамдас бұйымның кепілдік мерзімі ішінде ондағы кемшіліктер анықталған болса, негізгі бұйымның кепілдік мерзімі өтіп кеткеніне қарамастан, Тауардың кемшіліктеріне байланысты талаптарды қоюға құқылы;

7.24.3. жарамдылық мерзімі белгіленген Тауарға қатысты Тапсырыс беруші Тауардың кемшіліктеріне байланысты талаптарды олар Тауардың жарамдылық мерзімі ішінде анықталған жағдайда қоюға құқылы;

7.24.4. Шартта көзделген кепілдік мерзімі екі жылдан кем болған және Тапсырыс беруші кепілдік мерзімі өткеннен кейін, бірақ Тараптар тиісті Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап екі жыл шегінде Тауардың кемшіліктерін анықтаған жағдайларда, егер Тапсырыс беруші Тауардың кемшіліктері Тапсырыс берушіге берілгенге дейін немесе осы сәтке дейін туындаған себептер бойынша пайда болғанын дәлелдесе, Жеткізуші жауап береді.

7.25. Жеткізуші Тауардың кемшіліктері Тапсырыс берушіге берілгенге дейін немесе осы сәтке дейін туындаған себептер бойынша пайда болғанын Тапсырыс беруші дәлелдеген жағдайда, Тауардың кемшіліктері үшін жауап береді. Сапаға кепілдік берілген Тауарға қатысты Жеткізуші Тауардың кемшіліктері үшін Жеткізуші кемшіліктер Тапсырыс берушіге берілгеннен кейін Тапсырыс берушінің Тауарды пайдалану қағидаларын немесе оны сақтау қағидаларын бұзуының, не үшінші тұлғалардың әрекеттерінің немесе еңсерілмейтін күштің салдарынан пайда болғанын дәлелдемегенше жауапты болады. Егер Тапсырыс беруші Шарт талаптарына сәйкес Жеткізушіден Тауардағы кемшіліктерді (оның ішінде ақаулар, істен шығулар және т.б.) өтеусіз жоюды не Шартқа сәйкес келетін Тауарға жарамсыз сападағы Тауарды ауыстыруды талап етсе, Жеткізуші мұндай жоюды не ауыстыруды Шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асыруға міндеттенеді.

7.26. Кемшіліктері бар Тауарды ауыстыру және жөндеу бойынша барлық шығындар, соның ішінде құрамдас бөліктер мен қосалқы бөлшектер (қолданылса) шығындары, сондай-ақ жеткізу, сақтау және тасымалдау шығындары толық көлемде Жеткізуші есебінен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

төленеді.

8. Кепілдіктер мен сапа

8.1. Жеткізуші Тауардың бүкіл көлеміне сапаға кепілдік береді. Тауарға кепілдік мерзімі Тауарды пайдалану (қолдану) сәтінен бастап 12 (он екі) ай ретінде белгіленеді, бірақ жеткізу күнінен бастап 24 айдан аспайды. Егер Тауарға жарамдылық мерзімі белгіленген болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Тауарды оның жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін мақсаты бойынша пайдалануға мүмкіндік беретін мерзіммен беруге міндетті.

8.1.1. Жеткізушінің Тауарды өткізу үшін қажетті барлық рұқсат құжаттары бар.

8.2. Жеткізуші мынаған кепілдік береді:

8.2.1. берілетін Тауар жаңа, нормативтік құжаттаманың талаптарына толық сәйкес дайындалған (МЕМСТ, ҚР СТ, ТШ, техникалық регламент және т.б.) және өзінің мақсатты арналымы бойынша пайдалануға жарамды. Тауардың шығарылған күні жеткізу күніне дейінгі 6 айдан аспайды. Егер Тауарға жарамдылық мерзімі белгіленген болса, Тапсырыс берушіге берілген сәттегі Тауардың қалдық жарамдылық мерзімі Тауар үшін белгіленген жалпы жарамдылық мерзімінің кемінде үштен екі бөлігін құрауға тиіс.

8.2.2. Тауар үшінші тұлғалардың меншік құқығына немесе зияткерлік меншік құқығына негізделген кез келген құқықтары мен талаптарынан бос және бос болады, Шартпен белгіленген жеткізу шарттарымен көзделетін құқықтардан басқа.

8.2.3. Жеткізушінің Тауарды өткізу үшін қажетті барлық рұқсат құжаттары бар.

8.2.4. Тауардың қауіпсіздігі олардың болуына қойылатын талаптары қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген құжаттармен (қолданылған жағдайда) расталады.

8.3. Осы Шартқа сәйкес белгіленген Тауарға кепілдік мерзімі, Жеткізушіні Шартта белгіленген тәртіппен Тауардағы кемшіліктер туралы хабардар ету шартымен, Тауардағы анықталған кемшіліктер салдарынан Тауарды пайдалану мүмкін болмаған уақытқа ұзартылады.

8.4. Егер Тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Өнім берушінің кінәсінен орын алса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

8.5. Ақаулы/кемшіліктері бар Тауардың орнына жеткізілген жаңа Тауарға қатысты кепілдік мерзімі осы Шартта белгіленген мерзімге сәйкес айқындалады.

8.6. Жеткізілетін Тауардың сапасы Шарттың № 2 Қосымшасы – Техникалық сипаттамада көрсетілген талаптарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік және нормативтік-техникалық құжаттардың (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, МЕМСТ, стандарттар, ТШ, салалық стандарттарға қойылатын талаптар, техникалық регламенттер талаптары және т.б.) талаптарына толық сәйкес келуге тиіс және сәйкестік сертификатымен, сапа паспортымен, өндіруші зауыттың белгіленген үлгідегі қауіпсіздік паспортымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге құжаттармен расталуға тиіс. Қажет болған жағдайда (егер Шарт талаптарымен ел ішіндегі құндылық көзделсе) Қазақстан Республикасы аумағында өндірілген Тауарға қатысты Жеткізуші кеңсе арқылы ішкі айналым үшін тауардың шығу тегін растайтын сертификатты, оның Қазақстан Республикасы аумағында өндірілгенін растайтын құжат ретінде, ұсынуға міндетті.

8.7. Жеткізілетін Тауар «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес энергия тиімділігі талаптарына сай болуы тиіс.

8.8. Кепілдік мерзімі шегінде Жеткізуші Тапсырыс берушіден кепілдік міндеттемелерінің туындағаны туралы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде ақаулы Тауарды өз қаражаты және тәуекелі есебінен ауыстыруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

9. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

9.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

9.2.1. Шарттың талаптарына сәйкс Тауарлардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

9.2.2. Жеткізуші Шартта келісілген Тауарды жеткізу мерзімдерін бұзған жағдайда, Тауарды жеткізу мерзімін кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы жеткізілмеген Тауардың құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын айыпақыны Тапсырыс берушіге төлейді;

9.2.3. Шарт талаптарына сәйкес Жеткізуші анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзғаны үшін, мерзімдері бұзылған Тауардың

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

құнының әрбір кешіктірілген күнтізбелік күніне 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын айыпақыны Тапсырыс берушіге төлейді;

9.2.4. Осы Шарт бойынша Жеткізушінің міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы (Тауарды жеткізуді кешіктіру жағдайларын қоспағанда) үшін Жеткізуші Тапсырыс берушінің талабы бойынша әрбір осындай жағдай бойынша жеткізілмеген не тиісінше жеткізілмеген Тауардың жалпы құнының 10% мөлшерінде айып төлеуге міндетті;

9.2.5. Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау бойынша Жеткізуші міндеттемелерді орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы үшін Жеткізуші Шарттың жалпы сомасының 15% мөлшерінде айыппұл төлейді (Шарт талаптарында Ілеспе жұмыстар (қызметтер) көзделген жағдайда қолданылады);

9.2.6. Шарттың 7.2-тармағының шарттарын, атап айтқанда Жеткізушінің Тауарды жөнелту туралы уақтылы хабарлау мерзімін бұзуы нәтижесінде вагон(дар)дың жай тұрып қалуына және жүкті алған кезде құжаттарды уақтылы ресімдемеуіне әкеп соққан жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Тапсырыс берушіге қойылған айыппұлдар сомасының екі еселенген мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті;

9.2.7. Жеткізуші Шарт шарттарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде, Жеткізуші Шарттың 9.2.4-тармағында көзделген айыппұлды төлеуге міндетті;

9.2.8. Шартта көзделген айыпақыларды төлеумен қатар, Жеткізуші Тапсырыс берушінің залалдарын, оның ішінде жіберіп алған пайдасын, көрсетілген айыпақылардан тыс толық көлемде өтейді;

9.2.9. Жеткізуші Тауарды уақтылы жеткізбеуіне немесе жеткізбеуіне, Тауардың толық немесе бір бөлігін жеткізбеуіне, сондай-ақ Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) уақтылы орындамауына Тапсырыс берушінің кінәлі екенін дәлелдеген жағдайда, Тапсырыс беруші айыпақыны қолданбауға/өндіріп алмауға құқылы;

9.2.10. Осы Шарт бойынша Тапсырыс беруші төлем жасаған және Жеткізуші осы Шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) Шарт тоқтатылған (оның ішінде бұзу арқылы) жағдайларда, Жеткізуші Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша (шығыстары жұмыстарды/қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен расталмаған) алынған ақшалай қаражатты талап жіберілген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған кезде Жеткізуші Тапсырыс берушінің талабы бойынша қайтарылуға тиіс соманың әрбір кешіктірілген күні үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын, Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін айыпақы төлеуге міндетті;

9.2.11. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді-көшірмені ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші Шарттың жалпы құнының 20% -ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Өнім беруші тараптар жеткізілген тауарды қабылдау-беруді растайтын тиісті қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғанға дейін төлеуге тиіс. Бұл ретте Тапсырыс беруші тиісті мәліметтерді Қор операторына өнім берушінің осы міндеттемені орындамау фактісі анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өнім берушіні Тауар өндірушілер тізілімінен шығару үшін растайтын құжаттарды қоса бере отырып жібереді.

9.2.12. Егер көрсетілген елішілік құндылық үлесі қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірме, жеткізілген тауар бойынша КТП тізілімінде көрсетілген елішілік құндылық үлесінен төмен болса, Өнім беруші шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті (сатып алынатын тауарды тауар өндірушімен шарт жасасу кезінде қолданылады);

9.2.13. Есепті ұсынбағаны, уақтылы ұсынбағаны не дұрыс ұсынбағаны үшін (осы Шарттың 6.1.5-тармағына сәйкес) Өнім беруші Тапсырыс берушіге әрбір кешіктірілген күн үшін Шарт сомасының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ әрбір расталған бұзушылық фактісі үшін Шарттың жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді.

9.3. Тауарды жеткізуді кешіктіргені үшін айыпақыны есептеу Шарт талаптарына сәйкес ілеспе құжаттардың толық топтамасымен Тауар жеткізілген күні бойынша жүргізіледі.

9.4. Тауарды уақтылы жеткізбеу немесе Тауарды жеткізуден бас тартқаны үшін Шарт талаптарына сәйкес жеткізілетін Тауардың тауар өндірушісіне есептелетін айыппұлдардың (айыпақылардың) жалпы мөлшері Шарт сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

9.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

9.5.1. Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге берешек сомасының әрбір кешіктірілген күнтізбелік күні үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын айыпақы төлейді;

9.5.2. Жеткізуші ұсынған аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз етуді қайтаруды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші аванстық төлем сомасының әрбір кешіктірілген күнтізбелік күні үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ аванстық төлем сомасының 10%-ынан аспайтын айыпақы төлейді;

9.5.3. Жеткізуші ұсынған Шартты орындауды қамтамасыз етуді қайтаруды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты орындауды қамтамасыз ету сомасының әрбір кешіктірілген күнтізбелік күні үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ Шартты орындауды

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қамтамасыз ету сомасының 10%-ынан аспайтын айыпақы төлеуге тиіс;

9.5.4. Тауарды қабылдауды Тапсырыс беруші кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктіру сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын айыпақы төлейді;

9.5.5. Қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюды Тапсырыс беруші кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктіру сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын айыпақы төлейді.

9.5.6. Уақтылы қаралмағаны үшін (осы Шарттың 6.3.6-тармағында белгіленген мерзімдерді бұза отырып) Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір кешіктірілген күн үшін Шарт сомасының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ әрбір бұзушылық фактісі үшін Шарттың жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

9.6. Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгіленген тәртіппен жолдайды.

9.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9.8. Жеткізуші Тапсырыс берушінің айыпақыны және/немесе айыппұлды төлеу, сондай-ақ жауапты сақтау үшін шығындар бойынша Жеткізушіге қойылатын төлем талабын, жеткізілген Тауар үшін төлем, айыпақыны және/немесе айыппұлды төлеу және жауапты сақтау үшін шығындар бойынша қарсы біртектес талаптарды өзара есепке алу мақсатында өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне енгізуге келіседі.

9.9. Жеткізуші осы Шарт бойынша және Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында жасалған өзге шарттар бойынша төленуге тиіс сомалардан Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Жеткізушінің өз міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы үшін Тапсырыс берушіге тиесілі айыпақы сомасын, сондай-ақ залалдарды және жіберіп алған пайданы ұстап қалуына келіседі.

9.10. Жеткізуші осы Шарт бойынша және Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында жасалған өзге шарттар бойынша төленуге тиіс сомалардан Тапсырыс беруші тарапынан Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушіге тиесілі және өтелуге жататын нақты залалдар мен жіберіп алған пайданы ұстап қалуына келіседі.

9.11. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны үшін есептелген айыппұл сомасын және осыған байланысты туындаған залалдарды Шартты орындауды қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуға құқылы. Шартты орындауды қамтамасыз етуден ұстап қалудан кейін қалған сома Жеткізуші өз міндеттемелерін Шарт бойынша толық әрі тиісінше орындаған және Шарт талаптарын бұзушылықтарды (олар жіберілген жағдайда) және жойылуы мүмкін бұзушылықтарды жойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Жеткізушіге қайтарылады, әрі Жеткізуші Қордың сенімсіз әлеуетті жеткізушілер (жеткізушілер) Тізіліміне енгізілмейді. Сонымен қатар, Жеткізуші сотқа талап қою туралы арыз берілгенге дейін айыппұл санкцияларын толық төлеген жағдайда не (сол мерзімде) Тапсырыс берушіге төленуге тиіс соманы Шарт талаптарына сәйкес азайту арқылы айыппұл бойынша берешегін өтеген жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап қалмайды және Жеткізуші Қордың сенімсіз әлеуетті жеткізушілер (жеткізушілер) Тізіліміне енгізілмейді. Жеткізушінің Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін Шартты орындауды қамтамасыз етуге үшінші тұлғалардың тұтастай не ішінара талап құқығын туындататын әрекеттер жасауына жол берілмейді. Шартты орындауды қамтамасыз етуді қайтару Тапсырыс беруші тарапынан аудару жолымен (ақшалай жарна болған жағдайда) немесе Жеткізушіге банктік кепілдіктің түпнұсқасын, сақтандыру полисін (болған жағдайда) беру арқылы жүзеге асырылады. Жеткізуші Шартты орындауды қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалу Тапсырыс беруші Жеткізушіге шарттық міндеттемелерді орындауды бұзғаны көрсетілген осындай ұстап қалу туралы хабарламаны жіберген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні өткеннен кейін жүзеге асырылатынына келіседі.

9.12. Шарттың қолданылуы тоқтатылған (оның ішінде бұзу арқылы) жағдайда және нақты жеткізілген Тауар сомасы Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлем сомасынан аз болғанда, Тапсырыс беруші аванстық қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

9.13. Айыпақы (өсімпұл, айып) төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар айыпақыдан (өсімпұлдан, айыптан) тыс толық сома көлемінде өтелуге тиіс.

9.14. Тапсырыс беруші мен Жеткізуші, сондай-ақ олардың қосалқы мердігерлері (қосалқы жеткізушілері), қызметкерлері, агенттері және қызметшілері ҚР САЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ және оларға қолданылатын өзге ережелердің талаптарын, оның ішінде есептерді жасау және ұсыну, кез келген салықтарды, баждарды және өзге төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді сақтау үшін жауап береді.

9.15. Өнім беруші осы шарттың орындалуы бойынша барлық хат-хабарларды (хаттар, бастапқы бухгалтерлік құжаттар және т.б.) эл.адрестерге жіберуге міндетті: Info@koa.kz, Saimanov.a@koa.kz, vasilenko.a@koa.kz; kunarbayev.a@koa.kz, Imanqulov.a@koa.kz

10. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

10.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

10.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсыныста өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

10.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 40- бабы 2-тармағында көзделген; 2) Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

10.3.1. Жеткізушінің банкрот деп жариялануы, төлем қабілетсіз деп танылуы, сондай-ақ Жеткізушінің Тауарды жеткізу құқығынан айыратын рұқсат құжаттарының (лицензияларының) және өзге құжаттарының күшін жою жағдайларында. Мұндай жағдайларда Шарт дереу бұзылады.

10.3.2. Шартта көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді Тараптардың кез келгенінің бұзуы жағдайында;

10.3.3. Жеткізуші немесе оның қосалқы мердігері (ортақ орындаушысы) не консорциум қатысушысы мемлекеттік сатып алудың адал емес қатысушыларының тізілімінде және (немесе) сатып алудың адал емес қатысушыларының тізілімінде және (немесе) Қордың сенімсіз әлеуетті жеткізушілер (жеткізушілер) Тізілімінде және (немесе) оларды банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар борышкерлер тізімінде тұрған болса;

10.3.4. Жеткізуші және (немесе) оның тартқан мердігері/қосалқы мердігері және (немесе) олардың басшысы және (немесе) құрылтайшылары (акционерлері) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында белгіленген тәртіппен терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне не жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілген болса;

10.3.5. Жеткізуші заңды тұлға болып табылып, оның тіркелген жері бюджетке салықтар мен өзге де міндетті төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін жеңілдікті салық салынатын мемлекеттер мен аумақтардың тізбесіне енгізілген мемлекет немесе аумақ болып табылған жағдайларда, Тапсырыс беруші сатып алатын технологиялардың, өнертабыстардың, пайдалы үлгілердің, өнеркәсіптік үлгілердің және оларға арналған техникалық құжаттаманың құқық иеленушісі (патент иеленушісі) болып табылатын жағдайларды қоспағанда;

10.3.6. және Шартта көзделген өзге жағдайларда.

10.4. Шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоятын қосымша келісім түрінде жазбаша түрде ресімделеді. Шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, өткізілген сатып алудың шарттарының мазмұнын және/немесе Жеткізушіні таңдаудың негізі болған ұсыныста өзгертуі мүмкін өзгерістерді Шартқа енгізуге жол берілмейді.

10.5. Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан жағдайда, Шартты бұзудың болжанған күніне кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн қалғанда Жеткізушіге тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылатын шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне ену күні көрсетілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар бойынша Шарт бұзылған кезде, Жеткізуші бұзу күніне Шартты орындаумен байланысты тек нақты шығындарды өтеуді ғана талап етуге құқылы. Жеткізуші Шартты бұзу туралы жазбаша хабарламаны алғаннан кейін Тауарды жөнелткен жағдайда, Тауар Тапсырыс беруші тарапынан қабылданбайды және ақы төленбейді.

10.6. Қордың сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органы сатып алуларда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушінің жасалған шартты біржақты тәртіппен бұзуына жол берілмейді. Бұл ретте Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес және Жеткізушінің Шартты бұзу күніне фактілік шеккен шығындарын өтеу арқылы Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

10.7. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған шартты біржақты тәртіппен бұзуына және (немесе) бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіген Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

10.8. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

10.9. Жеткізуші өз міндеттемелерін бұзғаны үшін Шарт Тапсырыс беруші тарапынан бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушінің талабы бойынша Шартта көзделген айыппұл санкциялары сомасын төлеуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің залалдарын, оның ішінде жіберіп алған пайдасын өтеуге міндетті.

10.10. Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар тек олар Шартқа қосымша жазбаша келісім түрінде ресімделіп, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылған және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды болып есептеледі.

10.11. Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 8) тармақшасында көзделген жағдайда және Жеткізуші негіздеген әрі Тапсырыс беруші растаған сомаға Шарт сомасын ұлғайтуға Тапсырыс беруші бас тартқан кезде, Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

10.12. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні ескертілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Өнім беруші Шартты орындауға байланысты Шартты бұзған күнгі нақты шығындар үшін ғана ақы төлеуді талап етуге құқылы. Аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде Шарт бойынша міндеттемелерді Мердігер бұзған жағдайларға алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер қолданылмайды.

11. Хат-хабар

11.1. Егер Шарт талаптарына сәйкес қандай да бір хат алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе біреудің шешімдерін ұсыну не шығару қажет болса және өзгеше көзделмесе, мұндай хат алмасу дәлелсіз бас тартусыз және кідіріссіз жазбаша түрде жүзеге асырылады.

11.2. Осы Шартқа сәйкес немесе соған байланысты хат алмасу бойынша барлық құжаттарда Тараптардың деректемелері және Шарт нөмірі болуы тиіс.

11.3. Осы Шарттың талаптарына сәйкес жазбаша түрде орындалуы тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұраулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулар, тапсырыстар, сертификаттар немесе өзге де хабарламалар алдын ала ұсынылуы және оларды қолма-қол тапсыру немесе пошталық хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факс арқылы немесе электрондық пошта арқылы жіберілуі, сондай-ақ факсимильдік/электрондық нұсқасы алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасы қосымша ұсынылуы тиіс, уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен қол қойылып, Поставщиктің ресми электрондық мекенжайына электрондық түрде жолданған хат-хабардан басқа. Егер Шартта Поставщиктің электрондық мекенжайы тікелей көрсетілмесе және Поставщик оны Тапсырыс берушіге ұсынбаған болса, Поставщиктің ресми электрондық мекенжайы Веб-порталда көрсетілген электрондық мекенжай болып есептеледі.

11.4. Электрондық және/немесе курьерлік пошта, телекс, жеделхат немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (одан да ертерек алынғанын растайтын дәлел болмаған жағдайда) дәл сол жіберілген сәтінен бастап жеткізілді деп есептеледі.

11.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртаңбасы болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

11.6. Тапсырыс беруші Поставщикке жазбаша хабарлама жіберу жолымен, кез келген уақытта және кез келген негіздер бойынша Тауарды жеткізуді ішінара не толық тоқтата тұруға, Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты шығыстарды Поставщикке төлей отырып, құқылы.

11.7. Жеткізуді тоқтата тұру туралы хабарламаны алған кезде Поставщик, егер хабарламада өзгеше көзделмесе: 1) хабарламада көрсетілген күні және онда көрсетілген көлемде жеткізуді дереу тоқтатады; 2) тоқтата тұру қолданылған жеткізуге қатысты қандай да бір одан арғы тапсырыстарды орналастырмайды және (не) жеткізілімге байланысты қосалқы мердігерлікке және/немесе қосалқы жеткізілімге шарттар жасамайды, тоқтата тұру қолданылмайтындары қоспағанда.

11.8. Осы орайда Поставщик жеткізуді тоқтата тұру қолданылмайтын тауарды жеткізуді жалғастырады.

11.9. Егер Поставщик хабарламаны алғаннан кейін Тапсырыс беруші тоқтата тұрған тауар жеткізілімдеріне байланысты тауарлар сатып алуды не өзге шығыстарды жүзеге асыратын болса, Тапсырыс беруші мұндай Поставщик шеккен шығыстарды ескермеуге және төлемеуге құқылы.

11.10. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Поставщикке жазбаша хабарлама жіберу жолымен бүкіл жеткізуді не оның бір бөлігін жаңғыртуға құқылы. Жеткізуді жаңғырту туралы хабарламаны алған кезде, Поставщик Шартта көзделген жеткізу талаптары мен мерзімдеріне сәйкес мұндай тоқтатыла тұрған жеткізуді дереу жаңғыртуға тиіс. Бұл ретте жеткізу мерзімі жеткізуді жаңғырту туралы хабарлама күнінен бастап есептеледі.

12. Шарттың қолданылу мерзімі

12.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және шарт талаптарына сәйкес мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, Тараптар өзіне қабылдаған міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

12.2. Шарттың өзге де талаптарына қарамастан, егер Тапсырыс берушінің уәкілетті органы мәмілені жасасу немесе бекіту туралы шешім қабылдауды талап етсе, Шарт осындай шешім қабылданғаннан кейін күшіне енеді. Егер Тараптардың уәкілетті органдары осындай шешім қабылдауды талап еткен жағдайда шарт шешімнің соңғы күндерінің біріне күшіне енеді.

13. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

13.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді толықтай немесе ішінара орындамауы үшін, егер ол еңсерілмейтін күш мән-жайларының, яғни осы жағдайларда төтенше және болдырмауға болмайтын мән-жайлардың салдары болса, жауаптылықтан босатылады.

13.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде, міндеттемелерді орындау мүмкін болмай қалған Тарап мұндай мән-жайлар басталған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде олардың болжамды қолданылу мерзімі және себептері туралы басқа Тарапқа жазбаша түрде (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ «Қазақстанның сыртқы сауда палатасы» ЖШС беретін еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының басталғаны туралы Куәлікті ұсынуға тиіс. Егер форс-мажор мән-жайлары Қазақстан Республикасы резиденті емес тұлғаға қатысты әсер етсе, шарт бойынша міндеттемелерді орындайтын тарап орналасқан елдің құзыретті органы берген, мұндай мән-жайлардың басталғанын растайтын құжаттар ұсынылуы қажет.

13.3. Тараптар сонымен қатар осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамауы үшін, егер қандай да бір Тараптың міндеттемелерін орындауы ереуілдерге, наразылық акцияларына, локауттарға, өзге еңбек дауларына немесе мемлекеттік билік органының не «Самұрық-Қазына» ұлттық қоры АҚ компаниялар тобына кіретін ұйымдардың тыйым салушы сипаттағы шешімдері мен шараларына және Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс өзге мән-жайларға байланысты мүмкін болмай қалса және олардың салдарынан Шартты орындау мүмкіндігі жойылса, жауаптылықтан босатылады.

13.4. Тараптар сонымен қатар осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамауы үшін, егер қандай да бір Тараптың міндеттемелерін орындауы ереуілдерге, наразылық акцияларына, локауттарға, өзге еңбек дауларына немесе мемлекеттік билік органының не «Самұрық-Қазына» ұлттық қоры АҚ компаниялар тобына кіретін ұйымдардың тыйым салушы сипаттағы шешімдері мен шараларына және Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс өзге мән-жайларға байланысты мүмкін болмай қалса және олардың салдарынан Шартты орындау мүмкіндігі жойылса, жауаптылықтан босатылады.

13.5. Жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың және олардың қолданылу ұзақтығының жеткілікті дәлелі «Қазақстанның сыртқы сауда палатасы» ЖШС беретін куәліктер болып табылады. Егер форс-мажор мән-жайлары Қазақстан Республикасы резиденті емес тұлғаға қатысты әсер етсе, шарт талаптарын орындауға міндетті тарап орналасқан елдің құзыретті органы берген, мұндай мән-жайлардың басталғанын растайтын құжаттар ұсынылуы қажет.

13.6. Шарттың 13.2 және 13.3-тармақтарында көзделген тәртіпте хабарламаудың немесе уақтылы хабарламаудың салдарынан Тарап міндеттемені орындамау үшін жауаптылықтан босататын жоғарыда аталған кез келген мән-жайға сілтеме жасау құқығынан айырылады.

13.7. Егер міндеттемелерді толық немесе ішінара орындау мүмкін еместігі Тараптар үшін 2 (екі) айдан артық уақыт бойы сақталса, Тараптар Шартты бұзуға және өзара есеп айырысулар жүргізуге құқылы болады.

14. Дауларды шешу тәртібі

14.1. Осы Шарттан туындауы мүмкін Тараптардың арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі.

14.2. Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда олар Шарттың орындалатын орны бойынша сотта қаралуға тиіс.

14.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

15.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

15.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

15.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

15.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

15.5. Жазбаша хабардар етуде Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

15.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

15.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15.8. Тараптар Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді Шарт тараптарының бірі бұзған кезде шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады.

16. Құпиялылық

16.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

16.2. Өнім беруші Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-ға Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагент-банктердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелер жіберу жолымен төлемнің деректемелері мен детальдары туралы ақпаратты ашуға құқығы бар екендігімен келіседі.

16.3. Шарттың 16.1-тармағының бірінші абзацы Тараптар арасындағы қатынастарға Шарт Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Қорды басқару жөніндегі Кеңестің тапсырмасын орындау шеңберінде жасалған жағдайда, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында акциялардың және/немесе өзге активтер сыныптарының орналастырылуы/сатып алынуы/делистингі бойынша қызметтерді сатып алуға қатысты ақпарат пен шарттарға және Сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібіне сәйкес жасалған сатып алуларға қатысты ақпарат пен шарттарға қолданылмайды.

16.4. Құпия ақпаратқа мыналар жатады:

16.4.1. Тараптардың қаржылық немесе шаруашылық қызметіне қатысты мән-жайлар;

16.4.2. Шартты орындауға қатысы бар Тараптардың лауазымды адамдары туралы деректер, олардың жеке деректерін (тегі, мекенжайлары, телефондары және т.б.) қоса алғанда;

16.4.3. Шарттың мәніне қатысы бар үшінші тұлғалар туралы мәліметтер, олардың лауазымды адамдарының аты-жөндері және өзге жеке деректері қоса алғанда;

16.4.4. Шарттың орындалу барысы туралы ақпарат, Шарт бойынша төлем туралы ақпаратты қоспағанда;

16.4.5. Шартты орындау барысында Тараптар құпия деп таныған кез келген өзге ақпарат.

16.5. Тараптар құпия ақпаратты заңсыз жария ету нәтижесінде басқа Тарапқа келтірілген залалдар үшін бір-бірінің алдында жауап береді.

16.6. Тараптар өз персоналының, өкілдерінің, агенттерінің бұл ақпараттың құпиялылығын сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті барлық сақтық шараларын қабылдауы тиіс. Жеткізуші өз персоналы, өкілдері немесе контрагенттері тарапынан құпия ақпаратты жария еткені үшін жауапты болады. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тараптар құпия ақпаратты жария етпеу туралы тиісті келісімге қол қоюы тиіс.

17. зияткерлік меншік

